

ҚАЗАҚ



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



УНИВЕРСИТЕТІ

№ 9 (1603)
1 наурыз
2016 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz



Уважение преподавателям, сотрудникам и студентам!

Поздравляю Вас с важным праздником - Днем благодарности! Как отметил Президент РК Нурсултан Назарбаев, этот день является символом дружбы, любви и благодарности всех этносов друг к другу и казахам, проявившим милосердие к людям, не по своей воле оказавшихся на этой земле. Каждый из нас ощущает себя нужной и важной частью нашего общества. Все мы, казахстанцы, должны быть благодарны друг другу за то, что сплоченно и в единстве живём в своей любимой стране. За то, что вместе с нашим Президентом являемся могучей и несокрушимой созидательной силой, на которой держится развитие и процветание Казахстана.

В этот торжественный день считаю своим высоким долгом выразить глубокую и сердечную благодарность всем коллегам — профессорско-преподавательскому составу и сотрудникам, а также студентам нашего многотысячного и многонационального коллектива.

Благодаря вашему неустанному труду, стремлению к повышению профессионализма и единству в достижении общей цели, университет достиг больших успехов. За короткое время КазНУ продвинулся на 350 позиций в международном рейтинге QS и первым среди вузов Центральной Азии вошел в топ-300, заняв 275-е место среди лучших 800 вузов мира. Такого феноменального продвижения в международном рейтинге университет добился благодаря проведению

комплексной структурной модернизации. Внедрен процессный менеджмент, основанный на управлении, ориентированном на результат, реализована рейтинговая система оценки труда. На примере ведущих университетов мира в КазНУ разработаны и внедрены экспериментальные образовательные программы, соответствующие высоким международным стандартам и прошедшие международную аккредитацию. За последние годы в университете создана современная научно-инновационная инфраструктура, эффективно функционирует технологический коридор «от генерирования идеи до ее коммерциализации». Росту мирового авторитета способствовало признание КазНУ региональным хабом ЮНЕСКО по Центрально-Азиатскому региону и глобальным хабом ООН по проблемам устойчивого развития в мире. Стремясь стать субъектом экономики, основанной на знаниях, КазНУ на принципах государственно-частного партнерства привлекает инвестиции со стороны ведущих компаний Южной Кореи, Гонконга и Сингапура на развитие инновационного и биомедицинского кластеров.

Все эти достижения — наш общий реальный вклад в успешное развитие образования и науки нашей страны. Желаю всем крепкого здоровья, благополучия, счастья и плодотворной деятельности!

Ректор Г. МУТАНОВ

Ғалым МҰТАНОВ,

ал-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры

*Құрметті ҚазҰУ арулары мен аяулы аналар!
Сіздерді келе жатқан 8 наурыз —
Халықаралық әйелдер мерекесімен шын
жүректен құттықтаймын!*

8 наурыз — бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеткен асыл жандардың төл мерекесі. Барша тіршілік атаулыға өзгеше жан бітіріп, табиғат-ананың көркемдігін айшықтайтын шұғылалы көктемнің алғашқы мерекесі деп белгіленген күн — әйел затының нәзік жаратылысымен ерекше үйлесімділік тапқандай. Сұлулық пен қайраттылықтың да символына айналып үлгерген ана есімі әрқашан да биік, қыз қадірі әрқашан да қымбат. Ұлт мәселесі мен ұрпақ тәрбиесінде, тәуелсіз еліміздің өсіп-өркендеуінде, ғылым мен білімнің дамуында аналарымыз бен аруларымыздың сіңірген еңбегі ұшан-теңіз.

ҚазҰУ атты озық білім ошағының мерейін үстем етіп, бәсекеге қабілетті маман даярлауда ұстаз-аналарымыз сүбелі үлес қосып келеді. Оқу-білімді үйлестіруде, ұжым бірлігін арттыруда, тәрбие мен тәлімнің үлгісін көрсетуде, қызмет сапасын көтеруде олардың еңбегі зор.

Кешегі Қыз Жібек пен Баян сұлулардың ізбасарлары, тал бойына әдемілік пен нәзіктікті жия білген, ақылына көркі сай қыздарымыз бен аяулы ұстаздарымызды, отбасына мейірімін төгіп қана қоймай, мемлекеттік қызметке, саясатқа араласып, өзге де салалардың шебері атанып жүрген, қоғамда белсенділік танытуда үлгі-өнеге бола білген барша әйелдер қауымын осы бір ғажайып мерекемен құттықтаймын. Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілеймін! Өмірлеріңізге бақ-береке мәңгі тұрақтап, еңбектеріңіз жана берсін!



БЕСЦЕННОЕ НАСЛЕДИЕ

К 85-летию Умирбека Джолдасбекова

Имя Умирбека Арислановича Джолдасбекова — ректора КазГУ им. С. М. Кирова в 1970-1986 г.г., академика, доктора технических наук, профессора, лауреата Государственной премии КазССР, заслуженного деятеля науки КазССР вписано золотыми буквами в историю Казахстана. Сегодня во всех отраслях республики и за рубежом трудятся выпускники нашего университета, которым он открыл дорогу в большую жизнь. К 85-летию академика в Казахском национальном университете имени аль-Фараби состоялось торжественное мероприятие, посвященное этой юбилейной дате. В память о знаменитом ученом и талантливом руководителе Большому залу механико-математического факультета было присвоено имя У. Джолдасбекова.

Продолжение на 4 стр.

БҮГІНГІ САҢДА:

САКУРА -
СИМВОЛ ТРУДА И
СОТРУДНИЧЕСТВА



2-стр.

ЖАҚСЫНЫҢ
ӘРҚАШАН ДА
ЖӨНІ БӨЛЕК...

3-бет



РУХТЫ РЕКТОР

5-бет



САКУРА - СИМВОЛ ТРУДА И СОТРУДНИЧЕСТВА

В КазНУ прошла встреча руководства университета с полномочным и чрезвычайным послом Японии Камохара Масаёси по случаю завершения его дипломатической миссии в Казахстане.



За время своей дипломатической миссии, г-н посол принимал непосредственное участие для налаживания тесных контактов в научной и образовательной сферах между КазНУ и японскими университетами. Это способствовало созданию основы двухстороннего сотрудничества, в результате которого появились новые технологические партнеры, состоялся запуск новых совместных проектов. Один из них: «Разработка и формирование компьютерной базы данных по ядерным реакциям в рамках международной сети МАГАТЭ. «Во время стажировки исполнители проекта работали со средой программного обеспечения Webble-World, базой данных университета Хоккайдо, а также провели работу с экспериментальными установками института физико-химических исследований (RIKEN) в Токио. Подготовлены национальные кадры. Пять магистрантов, прошедшие научную подготовку в Токийском университете, осуществили проектирование, сборку и запуск первого казахстанского нано – спутника», отметил ректор КазНУ Галым Мутанов.

Стороны выразили удовлетворение текущей динамикой развития двустороннего сотрудничества. По словам г-на К. Масаёси, он очень рад, что японские студенты, которые учатся в КазНУ, удовлетворены жизнью в

Казахстане, и они хотят приезжать сюда как можно чаще. «В прошлом году визит японского премьер – министра в Казахстан и его встреча с президентом Н. Назарбаевым, стали стимулом для развития совместных проектов между нашими странами», - сказал г-н посол.

Обсуждая вопросы сотрудничества были также озвучены результаты совместных проектов. В частности, при поддержке посольства Японии в Казахстане прошел конкурс по японскому языку. Большая работа проводится фондом Japan Foundation. Также в рамках диалога культур в 16 раз в КазНУ приезжают студенты из университета Васэда. Примечательно, что студентами университета являются не только японцы, но и резиденты из ОАЭ и Китая.

Следует отметить, что ученые КазНУ совместно с японскими университетами проводят научные

исследования по изучению свойств бериллиевых отражателей и проведению расчетов для использования в ядерной энергетике. В рамках другого проекта проводились исследования высокотемпературной коррозии графита ВТГР (высокотемпературный газ-охлаждаемый реактор) в парах воды.

Обе стороны подытожили встречу планами на дальнейшее сотрудничество. Ректор университета Галым Мутанов сравнил результаты совместного труда с сакурой, которая три года назад была посажена им возле библиотеки КазНУ им. аль – Фараби. Данный факт теперь символизирует дружеские и партнерские связи между посольством страны восходящего солнца и ведущим вузом республики.

Анвар УШУРОВ

■ ҚЫСҚА-НҰСҚА

«Өрлеу» ұлттық республикалық біліктілікті арттыру институтының колдауымен журналистика факультетінде Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының ұйымдастыруымен «Кәсіби білім берудегі интернет-сауаттылық: әдістер мен шешімдер» атты III республикалық семинар өтті.

Семинар екі сессиядан тұрды. Бірінші сессияда ашылу салтанаты және қатысуға келген қонақтарға арналған лекциялар мен тренингтер, екінші сессияда Online дәрістер оқылды. Мектеп мұғалімдерінің біліктілігін арттыруда уақытты үнемдеу мақсатында ұйымдастырылып отырған шараға Алматы қаласы мектептері мен колледждері, ЖОО оқытушылары қатысты. Семинар қазақ тілі және шет тілдері мен әдебиеті, этнопедагогика және білім берудегі тұлғааралық коммуникация модульдеріне негізделді.

Алма ҚҰРМАНБАЕВА,
журналистика факультеті

Жуырда Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінде республикалық деңгейде "Techno cup I" пікірсайыс турнирі өтті. Тартысты турнирге университетіміздің намысын қорғауда «Алтын Сапа» интеллектуалды пікірсайыс клубының атынан қос команда қатысты.

ҚазҰТЗУ-да өткізіліп отырған алғашқы республикалық турнир нәтижесіне сәйкес, алтынсапалық «Біз ораламыз» фракциясы турнир жеңімпаздары атанды. Фракция мүшелері халықаралық қатынастар факультетінің 3-курс студенті Өмірзақ Нұртуған мен журналистика факультетінің 4-курс студенті Тілеубек Динара 60 мың теңге көлемінде сыйақымен марапатталды. Финалистермен жартылай финалда кездескен физика-техникалық факультетінің стандарттау және сертификаттау мамандығының 2-курс магистранты Алдонғаров Құралбек пен халықаралық қатынастар факультетінің 3-курс студенті Тұрсын Назеркенің мүшелігіндегі «Дарт Вейдер» фракциясы «Үздік талпыныс» номинациясын иеленіп, 20 мың теңге көлеміндегі сыйақыға ие болды.

Рахия БЕРКІНБАЙ,
«Алтын Сапа» ИПК мүшесі

Химия және химиялық технология факультетінің жалпы және бейорганикалық химия кафедрасының оқытушылары «Дені саудың жаны сау» жобасы аясында Алматы қаласының тамақтану институтының маманы Айгүл Нағашбекқызы Қожахметовамен кездесу ұйымдастырды.

Маман-дәрігер студент жастарға дені сау, еңбеккер, білімді азамат болып өсу үшін дұрыс тамақтана білу қажеттігін айтты. Тамақтану дұрыс ұйымдастырылмаса, тиімсіз, жеткіліксіз болса, адам ағзасында метаболизм, зат алмасу бұзылып, оның айналадағы ортаның зиянды әсеріне және өртүрлі жұқпалы ауруларға қарсы тұрарлық қабілеті төмендейтіндігін тілге тиек етті. Сонымен қатар, өмірімізді жарық қылатын, жан-жағымызға тамаша сәулесін шашатын, өмірдегі басты байлық денсаулық екенін ұмытпау керектігін түсіндірді. Денсаулығыңыз нормаларға сай жақсы болса, 50% сілтілі (жемістер, көкөністер) және 50% қышқылды (бидай дақылдары, бал, қант, балық, ет, сүт және барлық майлар) тағамды пайдалану керек, егер сырақ болсаңыз, сілтілі тағамды көбірек ішу керектігін айтып өтті.

Б.Д. БАЛҒЫШЕВА,
Р.Г. РЫСҚАЛИЕВА,

жалпы және бейорганикалық химия кафедрасының доценттері

■ РЕКТОРАТ

ДАМУДЫҢ ДАҒҒЫЛ ЖОЛЫ

Ақпан айының соңғы күнінде өткен Ғылыми кеңес және ректорат отырысында ҚазҰУ-дың 2015 жылғы ғылыми-зерттеу және инновациялық бағытта атқарылған жұмыстарының қорытындыларымен танысу және жыл сайын өтетін дәстүрлі III Фараби оқуларына дайындық мәселелері күн тәртібіне шықты. Ректорат мүшелерінің қатысуымен өткен жиын университет ректоры Галым Мұтанұлы Мұтановтың сөзімен бастау алды.

белсенділік танытты. Атқарылған жобаларда университетіміздің экономикалық, қаржылық, әлеуметтік мәселелері толықтай қарастырылып, кадр дайындау, өндірістік тәжірибеден өту, шетелдік оқу орындарымен тәжірибе алмасу, халықаралық конференция, семинарларға қатысу және оны өткізу сынды жұмыстар сапалы орындалды», – деп сөз бастады. Сонымен қатар баяндама барысында ғылыми бағытта даму үшін көптеген шетелдік үздік университеттермен байланыс, озық мамандармен тәжірибе алмасу, ғылыми-зерттеу жұмыстары және оқытушы профессорлар құрамының отандық, шетелдік ғылыми басылымдарда жарияланған мақалалары, ғылыми студенттік үйірмелердің жеткен жетістіктері жайында толық мағлұмат берілді. Осы тұста әлем бойынша оқу ордамыздың рейтингін көтеру мақсатында шетелдік басылымдарға мақалалар жариялау жайында ұстаздар мен басшылық арасында біраз пікірталас туындады. Бұл жөнінде факультет декандары мен кафедра менгерушілері тарапынан шешу жолдары мен жанаша ұсыныстар айтылды. Сонан соң ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор Тілекәбіл Сәбитұлы сәуір айына жоспарланып отырған, дәстүрлі түрде өтетін III Фараби оқуларына дайындық туралы жоспарымен көпшілікті құлағдар етті.

Күн тәртібінде белгіленген мәселелердің жайы айқын болғаннан кейін мінбеге «Парасат» қызметкерлер кәсіподағының төрағасы Талғат Құмарғалиұлы Мекебаев шығып, ҚазҰУ-да ректордың қолдауымен жыл сайын өткізіліп келе жатқан тазалық апталығы өткізілетіндігі туралы хабарлама жасады. Хабарламада ол апталықтың шарттары мен әр факультеттің міндеттерін толықтай атап өтті.

Қаламқас АМАНҚОСОВА



Ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметтің өткен жылдағы қорытындылары және университеттің ғылыми-инновациялық құрамдас бөлігін көбейту жолдары жайында баяндамасын оқу мақсатында мінбеге алғашқы болып ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор Тілекәбіл Сәбитұлы Рамазанов көтерілді. Ол: «Университетімізде 2015 жылы ғылыми-

инновациялық бағытта атқарылған жұмыстар деңгейі өте жоғары деңгейде. Жоспарланған 430-ге жуық жоба өз мәресіне жетті. Жобаларды жүзеге асыру кезінде «Математика және математикалық модельдеу институты», «Мұхтар Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты», «Әлкей Марғұлан атындағы археология институты» және «Экономика» институттары ерекше

ҚазҰУ басшылығы Жапонияның дипломатиялық өкілеттілігі аяқталған ҚР-дағы төтенше және өкілетті елшісі Камохара Масаёсимен кездесті

ЖАҚСЫНЫҢ ЭРҚАШАН ДА ЖӨНІ БӨЛЕК...

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Жамбыл ақындық мұрасы және жамбылтанудың өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. «Адамдықты, ерлікті, батырлықты, ел бірлігін сақтаған татулықты айтқан» келелі жиын ғылым мен білімнің қасиетті қара шаңырағында отандық ғалымдармен қатар, Ресей, Грузия, Түркия, Қырғыз елдерінен арнайы келген ғалымдардың басын қосты.



ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов Жамбыл мұраларының зерттелуі жайлы: «Жамбыл ақындық мұрасы және жамбылтанудың өзекті мәселелері ҚазҰУ әдебиетші ғалымдарының назарынан ешқашан тыс қалған емес. Академик-жазушы Мұхтар Әуезовтен басталған бұл дәстүр кешегі Ханғали Сүйіншәлиев, Сұлтанғали Садырбаев, Алма Қыраубаева еңбектерінде жалғасын тапты. Бүгінде Жанғара Дәдебаев, Мұбарак Үмбетаев, Анарбай Бұлдыбай, т.б. ғалымдар ізгі ізденістерді одан әрі дамытып келеді», — деп пікір білдірді.

Шота Руставели атындағы Грузин әдебиеті институтының директоры Ирма Ратиани Шота Руставели мен Жамбыл Жабаевшығармаларындағы сабақтастықты тілге тиек етті. XII ғасырда өмір сүрген Грузияның мемлекет қайраткері мен қазақтың жыр алыбының арасын қаншама уақыт бөліп жатыр, дей тұрғанмен олардың шығармашылығындағы үндестік — екі ел арасындағы рухани жақындықтың белгісі. Себебі, поэзия уақытқа бағынбайды. «Жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысында Грузияда қазақ әдебиетін оқу үлкен дәстүрге

айналған болатын. Өкінішке орай, бүгінгі таңда бұл процесс сәл ақсап қалды. Мен Қазақстанға Жамбылдың тойына арнайы келдім. Дегенмен, менің тағы бір диттеген дипломатиялық міндетім бар. Ол Қазақстан мен Грузия арасында білім, ғылым саласындағы ынтымақтастықты арттыру», — деп атап өтті Шота Руставели елінің өкілі.

Алқалы жиында шет елден келген ғалымдардан бөлек, Ә.Дербісәлі, У.Қ. Қалижанов, А.Т. Қожамқұлов, Ж.Шаштайұлы, Г. Құрманбай, Н.Қапалбекұлы сияқты қазақтың біртуар азаматтары сүбелі баяндамаларын оқыды.

Конференция аясында филология және әлем тілдері факультетінде «Жамбыл атындағы Қазақ фольклоры мен әдебиетін зерттеу» орталығы ашылды. Сондай-ақ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылған Жамбыл Жабаевтың 2 томдық таңдамалы шығармаларының тұсаукесер рәсімі өтті.

«Жамбыл — әлемдік әдебиеттің алтын қорында мәңгілікке қалып, қазақ деген ұғыммен қатар жүретін дәрежеде өз шығармалары арқылы биікте тұр. Тек біздер, ұрпақтары ұлыларымызды сол биіктен көрсете білейік, өзіміз ұсақталып қалмайық», — деді кітап мұражайының директоры, жазушы Нағашыбек Қапалбекұлы.

Елдана ТОҚБАЙ

Механика-математика факультетінде ақпараттық жүйелер кафедрасы мен Қазақстан Ұстаздар қоғамы бірлесіп ұйымдастырған салтанатты жиын өтті.

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗДАР ҰЛЫҚТАЛДЫ

Ал бұдан кейін қоғамдастықтың төрағасы, Зияткерлік технологиялар институтының Бас директоры, Phd докторы, профессор Алмас Әділбекұлы Өскенбаев пен Республикалық жанұялық «Игілік» журналының Бас редакторы, ҚР Журналистер одағының, ҚР Іскер әйелдер ассоциациясының мүшесі Меруерт Әбдірайымқызы Әйтенова осы қоғамның мүшесі болып табылатын факультеттің белді профессорлары — Бакыт Бөрібайұлы, Жанұзақ Тоқыбетов, Алтынғазы Кәрімов пен аға оқытушы Болат Құсайынұлына «Қазақстан Ұстазы» медалін тапсырды.

Профессор М.Ә.Бектемесовтің пікірінше, факультетіміздің аты аталған педагогтарының осындай сый-сияпатқа бөленуі өте орынды. Марапат

иелерінің бәрі де жоғары оқу орындары студенттеріне сапалы білім, саналы тәрбие беріп келе жатқан тәжірибелі тәлімгерлер, еңбек ардагерлері. Әрқайсының ҚазҰУ-дағы жұмыс өтілдері 30-40 жылдан астам. Осы жылдар ішінде олардың орта мектеп үшін тындырған еңбектері де ұшан теңіз.

Мысалы, ҚР білім беру үздігі, ҚР ЖОО ассоциациясы бекіткен «Санлақ автор» атағы бар ақпараттық жүйелер кафедрасының профессоры Б.Бөрібайұлы — ҚР БЖҒМ ұсынған 11 оқулықтың, 50-ден аса оқу-әдістемелік құралдардың, 7 сөздіктің авторы.

«ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері, іргелі математика кафедрасының профессоры Жанұзақ Тоқыбетов ұзақ жылдар Абай атындағы

ҚазҰПУ-да кафедра менгеріп, орта мектеп үшін кадрлар дайындау ісіне белсене араласса, математикалық және компьютерлік моделдеу кафедрасының профессоры Алтынғазы Кәрімов — сегіз жыл О.Жәутіков атындағы Республикалық физика-математикалық мектебінде бағдарламалау бойынша оқу үдерісіне жетекшілік етіп, 1986 жылы программалау пәні бойынша Қазақстанның физика-математикалық мектептеріне арналған оқу бағдарламасын құрастырғаны үшін КСРО ХШЖК-нің қола медалімен марапатталған.

Ақпараттық жүйелер кафедрасындағы аға оқытушылық қызметін он жыл бойы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы колледжде информатика циклі бойынша дәріс берумен қатар атқарып келген Болат Құсайынұлы — ҚР БЖҒМ бекіткен жалпы мектептің 4, 5, 8 және 11 сыныптары оқушыларына арналған қазақ тіліндегі информатика оқулықтарының авторы.

Марапатталғандар атынан сөз алған профессор Ж.Тоқыбетов пен аға оқытушы Б.Құсайынұлы Қазақстан Ұстаздар қоғамына, факультет ұжымы мен басшыларына деген алғыстарын білдіріп, білім беру ісінің өзекті мәселеріне де тоқталды. Ал олардың жиналған жұрттың өтініші бойынша ән орындап, өз шығармашылықтарынан өлең оқып беруі де кеш ажарын аша түсті.

Б. ӘБЕНОВ,
А. САМБЕТБАЕВА,

Ақпараттық жүйелер кафедрасының
куратор-эдвайзерлері



В стенах профильной школы КазНУ прошла III научно-исследовательская конференция «Юный әл-Фараби», посвященная 25-летию независимости Республики Казахстан

Продолжение. Начало на 1 стр.

БЕСЦЕННОЕ НАСЛЕДИЕ

К 85-летию Умирбека Джолдасбекова



В 1970 г. 39-летний Умирбек Арисланович Джолдасбеков возглавил единственный на то время университет в Казахстане. Деловой подход, энергия, взгляды нового руководителя воспринимались поистине революционными в той эпохе. Республика очень нуждалась в новых квалифицированных кадрах. И он знал, как их взрастить. Потому изменил структуру учебных планов, поставив во главу угла логические схемы, благодаря которым реализовались межпредметные связи общетеоретических и специальных дисциплин. На систематической основе осуществлялся контроль текущей успеваемости студентов.

Надо отметить, что благодаря дальновидной политике молодого ректора, стали открываться новые специальности, кафедры и факультеты (философско-экономический, подготовительный, востоковедения). Академик НАН РК, заслуженный деятель РК, профессор Иса Омарович Байтулин, вспоминал, что он предложил открыть на биофаке три новые кафедры. Ректор поддержал его инициативу и в том же году были открыты кафедры биофизики, микробиологии и охраны природы, начавшие готовить востребованных специалистов. После своего назначения У. А. Джолдасбеков создал научно-исследовательскую лабораторию по механике машин, через год — Казахский филиал Всесоюзного семинара по теории машин и механизмов, в 1973 г. основал кафедру прикладной механики на факультете механики и прикладной математики. Когда Умирбек Арисланович пришел в КазГУ, в вузе было всего 30 профессоров, а за 16 лет его руководства — их стало 130. Результаты столь деятельного подхода ректора не заставили себя ждать: Казахский государственный университет встал вровень с МГУ, ЛГУ, КГУ — признанными первыми университетами необъятной тогда страны, стал гордо держать звание флагмана высшего образования республики.

Казахский университет при Джолдасбекове стал местом, где проводились всесоюзные и всемирные симпозиумы, конференции, для участия в которых стали приезжать известные ученые — корифеи мировой науки. Профессор, заслуженный деятель науки России Павел Александрович Лебедев вспоминал, как в 70-е г. Джолдасбеков пригласил его, в числе других именитых ученых, посетить университет. В итоге их научное сотрудничество продолжалось более 30 лет. Сам Джолдасбеков неоднократно выступал с лекциями в Англии, Канаде, США, ФРГ, Японии, Германии, Индии, Испании, Турции, Пакистане, Греции и др. странах.

Оценив перспективы главного вуза Казахстана, Джолдасбеков понял, что в будущем никак не обойтись без его фундамента — собственной базы. Умирбек Арисланович видел, что помещений для нормальной организации учебного процесса и воспитательной работы в старых зданиях на ул. Кирова не хватает и активно включился в претворение в жизнь идеи строительства целого университетского городка. Под личным контролем Первого секретаря Компартии Казахстана Динмухамеда Кунаева в 1975 году началась грандиозная стройка. На территории более чем 70 гектаров раскинулся утопающий в зелени уникальный комплекс учебных зданий, общежитий, лабораторий, получивший название КазГУград. Можно сказать, что этот комплекс — рукотворный памятник замечательному ректору. В 2011 г. напротив Дворца студентов, который также носит имя Джолдасбекова, был открыт его памятник. Сегодня, воплощенный в граните, Умирбек Арисланович Джолдасбеков с гордостью смотрит на свое детище, которое продолжает расти и совершенствоваться. Память о нем увековечена на мемориальных досках на главном корпусе университета, жилых домах городов Алматы и Астана, его именем названы улицы Алматы и Шымкента, Институт механики и машиноведения, школы в Таразе, Шымкенте.

Его биография началась 1 марта 1931 г. в селе Кзыл-су Шымкентского района Шымкентской области. Будущий маститый ученый родился и вырос в рабочей семье. После окончания в 1949 г. с золотой медалью средней школы поступил на механико-математический факультет МГУ им. М. Ломоносова, который окончил с отличием. В 1954 г. начал свой научно-образовательный путь в Казахском химико-технологическом институте г. Шымкент. Современники вспоминают Умирбека Арислановича как «молодого, энергичного, располагающего к себе ученого. Каждая клетка в нем была заряжена какой-то особой энергией». Именно тогда начали проявляться незаурядные деловые качества, заложенные в нем самой природой: ответственность, исполнительность, оперативная хватка и умение быстро принимать правильные решения. Начало его научных успехов берет истоки в аспирантуре Московского текстильного института, где в 1961 г. он блестяще защитил кандидатскую диссертацию, которую по научной ценности именитые ученые оценили как докторскую. Следующим был период работы в Казахском политехническом институте им. В. И. Ленина, где произошло становление Джолдасбекова и как ученого, и как педагога, и как талантливого управленца. Его всегда отличали профессионализм, ответственность, творческий подход к выполняемому делу.

В политехе он прошел путь от заведующего кафедрой теории механизмов и машин до проректора вуза, был основателем и первым деканом факультета автоматики и вычислительной техники. И я горжусь, что являюсь выпускником этого факультета.

Умирбек Арисланович Джолдасбеков, углубив исследования в приоритетных направлениях, стал основателем научной школы механики и инженерии в Казахстане, которая заняла достойное место в мировой науке. Непререкаемый авторитет в области теории механизмов и машин, профессор, доктор технических наук Н. И. Левитский в свое время охарактеризовал работы казахского ученого как «всемирно известные». Академик А. Ю. Ишлинский подчеркивал, что «Джолдасбеков внес существенный вклад в создание механизмов высоких классов. Предложенные им методы исследования механизмов такого типа позволили создать методы проектирования и реализовать ряд новых эффективных машин». Благодаря его открытиям появилась возможность реализовывать схему технологии создания роботов «старт от нуля», когда проектирование ведется на основании только заданных или оптимальных законов движения рабочих органов робота или машины.

Истинный ученый оставляет самое ценное для преемников — свое научное наследие. Он подготовил 25 докторов наук и более 100 кандидатов наук. У. А. Джолдасбеков — автор более 400 научных трудов, свыше 70 из которых опубликованы в дальнем зарубежье, а также 12 монографий, 30 учебников и учебных пособий, в его активе около 150 авторских свидетельств и зарубежных патентов. С чистого листа начал казахскую терминологию по машиноведению, написал первые учебники на казахском языке по теории механизмов и машин, выпустил первые для университетов и вузов терминологические словари на казахском языке по этому профилю.

Академик обладал феноменальной памятью, лично знал тысячи людей и к каждому из них обращался по имени и отчеству.

Умирбек Арисланович был великолепным семьянином. С любовью всей своей жизни, Маей Михайловной Багизбаевой, он познакомился в школьные годы, затем они вместе учились в МГУ: он на

механико-математическом факультете, она — на филологическом. Мая Михайловна Багизбаева, несмотря на то, что ее детство омрачили ужасы репрессий 30-х гг. была удивительно светлым и добрым человеком. Их свадьба стала первой, которую весело сыграли в новом здании МГУ и сам ректор Иван Георгиевич Петровский благословил их. В семье Джолдасбековых всегда царили доброжелательная и творческая атмосфера, трудолюбие и взаимоуважение. Свои лучшие качества они передали детям. Старший сын Скандербек ныне академик ИА РК, доктор технических наук, генеральный директор Института механики и машиноведения, который носит имя отца. Средняя дочь Баян — член-корреспондент НАН РК, доктор филологических наук, профессор, зав. кафедрой русской филологии и мировой литературы КазНУ им. аль-Фараби. Младшая в семье Гаухар — кандидат технических наук, доцент.

Огромное внимание Умирбек Арисланович уделял развитию спорта в университете. Заведующий кафедрой физического воспитания Семен Лазаревич Либерман вспоминал, что именно в бытность Джолдасбекова в университете появились спортсмены — чемпионы Союза, Европы, мира и даже Олимпийских игр, а мастеров спорта было больше, чем в других вузах.

В жизни Джолдасбекова были и безрадостные страницы. Несмотря на все заслуги, в 1986 г. Умирбек Арисланович попал в опалу. Жернова незаслуженных наветов могли раздавить кого угодно, но не его. В 90-е годы он создает Инженерную академию Республики Казахстан, единогласно избирается ее первым президентом, проводит I съезд инженеров Казахстана.

Академик У. А. Джолдасбеков внес вклад и в развитие государства. Он шесть раз избирался депутатом Верховного совета страны, затем — парламента, и в последние годы, вплоть до своей кончины был председателем Комитета по социально-культурному развитию Мажилиса республики, а также возглавил созданную им Республиканскую партию труда. Стал инициатором Закона «О науке». Пользовался высоким и заслуженным авторитетом у руководства республики и всего депутатского корпуса.

Умирбек Арисланович был награжден Международными золотыми медалями В. Г. Шухова и Аль-Хорезми, орденом Ленина, двумя орденами Трудового Красного Знамени, многими медалями, грамотами, дипломами.

Первый президент Российской инженерной академии Борис Владимирович Гусев, отмечал, что «Джолдасбеков во всех своих решениях исходил из своего понимания мира, науки и научно-технического прогресса, так как он был действительно одним из великих мыслителей Востока».

Сегодня КазНУ им. аль-Фараби — крупнейший университет на постсоветском пространстве. В последние годы усилиями всего нашего дружного коллектива университет становится узнаваемым в мировом научном сообществе, входит в топ-300 лучших вузов мира и в число 50 технологически развитых мировых университетов. У нас реализуются программы подготовки высококвалифицированных специалистов для приоритетных отраслей индустрии в рамках госпрограммы индустриально-инновационного развития, ведутся научные исследования по фундаментальным и прикладным направлениям в сотнях различных областей. И я считаю, это достойным продолжением тех важных реформ и традиций, заложенных академиком Умирбеком Джолдасбековым.

Галым МУТАНОВ,
ректор КазНУ им. аль-Фараби

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Өмірбек Арысланұлы Жолдасбековтің есімі тығыз байланысты екенін ұрпақ санасына жеткізу зиялы қауым өкілдерінің борышы екендігін баса айтқанымыз жөн. Республикадағы бірегей оқу орны қалашығының іргетасын қалаған – Ө.Жолдасбеков. Бүгінде 80 жылдан асқан тарихы бар ҚазҰУ-ды еліміздің барлық жоғары білім беру жүйесінің тірегі, білікті мамандар ордасы десек артық емес. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – Қазақстанның жетекші университеті, ол QS халықаралық рейтинг агенттігінің 2015 жылғы зерттеу қорытындысы бойынша әлемдегі үздік 800 университет арасында 275-ші орынды иемденіп, үздік 300 университет қатарынан көрініп отыр. ҚазҰУ Қазақстан мен Орта Азия мемлекеттері жоғары оқу орындарының ішінде бірінші болып Еуропалық білім кеңістігіне кірді. Мұндай әлемдік деңгейде танымал оқу ордасы болудың тарихи әрпиде жатыр.



1968 жылы С.М. Киров атындағы мемлекеттік университет студенті атанып, ерекше бақытқа бөленгенбіз. Уақыт дөңгелегі зырылдап екінші курсқа да келіп қалды. Университет басшылығы ауысыпты, жас ректор келіпті дегенді естіп, журналистер емеспіз бе, құлағымызды түріп, бақылап жүретін болдық. Оқу үдерісіне өзгерістер еніп, жағымды жаңалықтар молая бастады. Соның бірі – ҚазҰУ қалашығының құрылысына қатысты еді. «Жаңа ректор мәселені шешуе Мәскеуге кетіпті, ол жақтағы басшылық келіспепті, сонан сол кездегі Елбасы Дінмұхамед Қонаевтың араласуымен құрылысты бастауға рұқсат беріліпті» деген жайлардың шет-жағасын деканымыз Тауман Салықбайұлы Амандосовтан естиміз. «Шіркін, біз де оқысак кой, сол қалашықта!» деп армандаушы едік (оқымасак та, қызмет ету бақытына ие болғанымыз ұлы мәртебе)...

Дәлізде жиі жүретін кең иықты, зор денелі, батыр тұлғалы, бұйра шашты, қара торы азаматтың ректорымыз екенін жыға танған сәтіміз де есімізде. Орыс әдебиетінің тарихы пәнін сол тілде оқитын топтармен бірігіп оқитынбыз. Дәріскер қазақ тобына тіпті көңіл бөлмейді, бір күні әуелі «сендерге бұл жерде отырудың қажеті шамалы, бәрібір сендер ештеңе ұқпайсындар, шығып кетіңдер» дегенге келтіргені бар емес пе... Курстағы үштік – староста, комсорг, профорг жиналып, «домалақ арызды» жазып алып, ректор Өмірбек Арысланұлына жетіп барсын. «Бұл қалай, біздің ұлттық намысымызға неге тиеді, неге қорлайды?» деген сөздерді айтып, ашынып отырған аптығымызды ұрыспай, зекімей басты ол кісі. «Домалақ арыз жазды деген жақсы емес, арызқойлықтың өзі жаман қасиет, әйтсе де көңілдерің толмайтын мәселелерді өзіме келіп айтуларың керек еді...» – деді. Дегенмен, нәтижесінде ол оқытушы жұмыстан кетті. Қазір ойлап отырсақ, сол кездегі үстемдік етуші идеологияның қаһарынан қорықпай, осындай қадамға барғанның өзі ерлікпен пара-пар екен. Кейін аудиторияға келіп, ақыл-кеңесін айтып кеткен кездері де болды. Содан былай біздің бас көкірегімізде ол кісі ұлтымыздың қорғаушысы, панасы сияқты тұлға болып қалыптасты.

Жастық жадымызда, бала көңілімізде қаһарман болып орын тепкен кейіпкеріміз Өмірбек Арысланұлы Жолдасбеков 1931 жылы 1 наурызда Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент ауданының Қызылсу ауылында дүниеге келді. 1949 жылы Шымкенттегі №7 мектепті алтын медальмен бітіреді де, В.М. Ломоносов атындағы Мәскеу университетінің механика-математика факультетіне оқуға түседі. Осы жылдары болашақ жары Мая Михайловнамен (әкесі «халық жауы» болып ұсталып кеткен, анасы ҚарЛагқа айдалған кішкентай Мағира Мәмбетәліқызының есімі гетімдер үйіне, интернетке өткізілгенде Мая Михайловна деп жазылып кеткен) бірге бір университетте оқыпты. (Мая Михайловнадан да дәріс алу бақытына ие болғанымыз бар. Ол кісі де өте парасатты адам еді, бұл ұстазымыз жайлы әңгіме өз алдына бір төбе).

Университетті 1954 жылы бітіргеннен кейін Шымкенттегі Қазақ технологиялық институтының математика және механика кафедрасының оқытушысы, механика факультетінің деканы қызметтерін атқарады.

1961 жылы ол Мәскеу тоқыма институтының аспирантурасын бітіреді де осы жоғары оқу орнында оқытушы болады. Келесі жылы «СТБ тоқыма станоктары торсионды сокқы механизмінің кинематикасы мен динамикасы» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғайды. 1962-1964 жылдары Қазақ политехникалық институтының доценті, кафедра менгерушісі, оқу ісі жөніндегі проректоры болып қызмет істейді. 1972 жылы «Жазық рычагты механизмдер теориясы» тақырыбында докторлық диссертация қорғайды. 1970-1986 жылдары алдымен С.М. Киров атындағы мемлекеттік, кейіннен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры болды. Осы жылдары Өмірбек Арысланұлының тікелей басшылық етуімен университет қалашығының ғимараттары салына бастады.

ҚазҰУ қалашығы жөнінде аңызға бергісіз талай әңгімелер бар. Ол кезде ешқандай да мәселе Мәскеусіз шешілмейді. Мәскеудің Мемлекеттік университетінің жобасымен салынбақшы құрылысты шетелдерден көрген үздік архитектуралық үлгілермен толықтыра отырып, өзгерістер енгізген Өмірбек Арысланұлы текетіреспен, күні-түні өзі басы-қасында жүріп енсереуе жақындайды. Негізгі оқу корпустары, жатақханалар пайдалануға беріледі. Мәскеуден жіберілген лифт сақыр-сұқыр етіп, әрең көтерілетін жағдайда екен. «Болашағы зор қазақтың бас университетіне мұндай лифт жарамайды, мінуге қауіпті», – дейді Өмекең. Мәскеуліктермен дауласудан ештеңе шықпайтынын сезіп, Д. Қонаевты «құрылыс барысын көріп кетіңіз» деп шақырады. Сөйтп, әдейі лифтіге мінгізеді. Лифті жоғарыға көтерілгенше, қайта түскенше сақырлайды. Сонда Өмірбек Арысланұлы: «Көрдіңіз бе, Димаш Ахметұлы, мына лифтінің салдырап тұрғанын. Бұл қауіпті. Финдер жақсы лифт шығарып жатыр екен, соны алдырақ қалай болады? Қазақтың балаларында да бәрі жақсы болуы керек қой... Қазақстанның бетке ұстар оқу орнына айналсақ, тамаша емес пе?! Жақсы жағдайдағы адам жақсылыққа ұмтылатынын өзіңіз де айтасыз ғой...» – дейді. осылайша оның табандылығының арқасында алдырған Финляндия лифтісінің пайдалануға берілгеніне қырық жылға жуық уақыт болса да сапалылығы сақталып тұр.

Ректор ҚазҰУ-да машиналар механикасының ғылыми-зерттеу лабораториясын ашып, студенттер мен оқытушылардың ғылымдағы ізденістерінің нәтижелері негізінде макеттер мен үлгілер жасайтын тәжірибелік эксперименттік завод және робототехника бойынша республикалық оқу-зерттеу орталығын ашты. Алмағдыла механизмдер және машиналар теориясы Бүкілодақтық семинарының қазақ филиалын ұйымдастырды. Тәжірибелі ұстаз, машина мен құрал жасау негізі саналатын машиналар механизмдері теориясының республикамыздағы тұңғыш маманы ретінде осы сала қызметкерлерін даярлау ісіне зор үлес қосты.

Академик Ө.А. Жолдасбеков – Қазақстан Республикасы Инженерлік академиясының бірінші президенті, Республикалық еңбек партиясының Құрметті төрағасы, Халықаралық академияның бірінші вице-президенті және академигі, Ислам мемлекеттері Инженерлік академиялары федерациясының вице-президенті, Ұлттық ғылым академиясының, Қазақстан Республикасы Инженерлік академиясының академигі, АҚШ инженер-механиктер қоғамының, Халықаралық экологиялық реконструкция академиясының толық мүшесі, Пәкістанның және бірқатар ТМД елдерінің Құрметті академигі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты және Қазақстан ғылымының еңбек сіңірген қайраткері, В.Г. Шухова атындағы (Мәскеу қ.) және Әл-Хорезми (Иран) халықаралық Алтын медальдарымен марапатталған. Алты мәрте еліміздің Жоғары кеңесінің депутаты болып сайланды, 1998 жылдан өмірінің соңына дейін – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі комитетінің төрағасы болып қызмет етті. Өмірбек Арысланұлы қазақша терминологияның тұңғыш құрастырушысы, механизмдер мен машиналар теориясы және теориялық механика пәндерінен қазақ тіліндегі алғашқы оқулықтардың, орысша-қазақша терминологиялық сөздіктердің және 400-ден астам ғылыми еңбектің, 12 монография, 30 оқулық пен оқу құралдарының авторы, 126 авторлық куәлік пен шетел патенттерінің иегері. Академик Ө.А. Жолдасбеков 25 ғылым докторын және 100-ден астам ғылым кандидаттарын дайындаған. Ол ұйымдастырған ғылыми мектеп әлемдік ғылымда лайықты орын алып отыр. ҚазҰУ-дың филология факультетіне кірер есіктің оң жағында «Центр робототехники» деп аталатын зертхана бар болатын. Егер талапты да талантты ректорға 1986 жылғы оқиғаға қатысты жала жабылмағанда, ол орталық жұмысын жалғастыра бергенде талай ғалымдар осы салада жаңалықтар ашып, өркениетті мемлекеттермен терезесі тең технологиялы елге айналар ма едік деген бір адами арманның көкіректе қалғаны ақиқат.

Ө.А. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайы – ҚазҰУ қалашығының тамаша архитектуралық ғимараты. Мұнда Қазақ ұлттық аспаптар оркестрі, көркемөнер үйірмелері, «Біз» студенттер театры, КТК (тапқырлар командасы) жұмыс істейді. Қалашықта спортпен айналысуға барлық жағдай жасалған. Қызметкерлер мен студенттердің спартакиадасы ұдайы өткізіліп, олардың жарыстарға қатысуы қамтамасыз етіледі. Университет студенттерінің өмірі қызықтылығымен әрі алуандығымен ерекшеленеді. Осында атқарылып жатқан мақсатты шаралардың бәрі Өмірбек Арысланұлы арманының жалғасы және оны жүзеге асырушы ізбасарларының толымды еңбектерінің жемісі.

Желтоқсан оқиғасы кезінде Ө.А. Жолдасбековті ұлтшыл деп ректорлықтан босатады, партиядан шығарады. Сол кездері Қазақстан Орталық Партия Комитеті арнайы жасақтаған комиссияның қалай жұмыс істегені жөнінде талай-талай жайларға күе болған жайымыз бар. Он бес қабаттың шамы түнімен жанып, түні бойы әлдекімдердің

мәселесі шешіліп жататын. Әр декан, әр кафедра менгерушісі, әр оқытушы, әр лаборанттан жауап алынды. Жаппай тексеріс басталды. Принципшіл деген, ұлттық намысы бар деген талай азаматтарға «ұлтшыл» атты кінә тағылды. «Ойпыр-ай, алаң толы қалың нөпір халық. Зорға өттім...Не болғанын түсіну қиын», – деп аһылап-уһілеп келген сол кездегі журналистика факультетінің деканы Темірбек Қожақеев ағамыздың келбеті де көз алдымызда тұр. Ол кісі «Достық» даңғылының бойында тұратын. «Жастарды көтеріліске айдап салды» деген кісінің сөзі ме бұл? Осындай айып арқалаған болатын талайлар.

Ал, Мәскеулік басшылықтың Желтоқсан оқиғасын желеу етіп, ректорды жұмыстан шығарып жіберуі жай ғана себеп болған көрінеді. Өйткені, ол жақтағылар Өмірбек Жолдасбековтен сескенген, Ұлттық университетті құрып, қазақ жастарының рухани санасын өсірген адамдардан қауіптенген екен.

1986 жылдан 1996 жылға дейін ҚазҰУ-дың құрылысы тоқтап тұрды. Өмірбек Арысланұлы халық қалаулысы болғаннан кейін, қалашық құрылысы жүре бастады. «Егер Жолдасбеков тағы да 10 жыл ректор болғанда, ҚазҰУ Кембриджден кем түспес еді», – дейді зиялы қауым өкілдері. Осындай әлемдік дәрежедегі университет деңгейіне жету ендігі мақсат болып отырғаны – сол үшін тер төгіп жүрген ғалымдар мен көмекші құрам қызметкерлерінің еңбектерінен байқалауда.

ҚР Үкіметінің 2000 жылғы 30 маусымдағы №992 қаулысымен механика және машина жасау институтына академик Ө.А. Жолдасбековтің атын мәңгілікке қалдыру мақсатында ғұламаның есімі берілді. Өйткені, машинатану мен машина жасауды Қазақстанда дамытуға, іске қосқан бірінші адам – Ө. Жолдасбековтің лайық екені ақиқат болатын.

Ө. Жолдасбеков атындағы механика және машинатану институтының Бас директоры – әйгілі ректордың ұлы Скандербек Өмірбекұлы Жолдасбеков. Баласы да әке жолын қуған, әке даңқына лайықты ізбасар бола алуға. Ол – техника ғылымдарының докторы, Халықаралық инженерия академиясының академигі. Ал, Баян Өмірбекқызы Жолдасбекова анасы басқарған кафедраға жетекшілік жасап, ана армандарын жалғастырып, жүзеге асыруда. Ол – ҚР Ұлттық ғылым академиясының мүше-корреспонденті, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Көзі тірі болғанда қазақтың нағыз азаматы, мақтанышы болып отырған Ө.А. Жолдасбеков 85 жасқа келер еді. Артындағы сан мыңдаған ұрпағы ер есімін өшірмейді. Өйткені, ол рухты ректор болатын...

Клара ҚАБЫЛҒАЗИНА,
филол.ғ.к., профессор;
Сағатбек МЕДЕУБЕКҰЛЫ,
филол.ғ.к., доцент



Биофизика – дело его жизни

Виктору Михайловичу Инюшину 1 марта исполняется 75 лет. Он родился в городе Ленинград в семье известного и крупного гидростроителя, Героя Социалистического Труда М. Инюшина.

В 1948-1958 г.г. учился в средней школе городов Усть-Каменогорск и Серебрянск Восточно-Казахстанской области. Практически вся его сознательная жизнь связана с КазНУ, в котором он обучался в 1958-1963 г.г. и где по сегодняшний день продолжает трудиться. После окончания университета за огромный интерес и прилежание к учебе и науке Виктора Михайловича принимают на работу в качестве стажера-исследователя кафедры гистологии и цитологии, а после стажировки он стал работать преподавателем, старшим преподавателем и доцентом той же кафедры. За короткий отрезок времени в результате титанического и систематического труда Виктором Михайловичем были успешно защищены: кандидатская диссертация на тему «Монохроматический красный свет для репарации лучевых повреждений у животных» (1966) и в возрасте 31 года – докторская диссертация на тему «Гистофизиологическое исследование действия излучений оптических квантовых генераторов и других светоустановок на организм человека и животных» (1972). Он был самым молодым доктором биологических наук в Союзе.

После защиты диссертации Виктор Михайлович с большим энтузиазмом начал работать над созданием новой кафедры биофизики. И в 1973 году по личной инициативе, под его руководством и при поддержке ректора КазГУ, академика НАН РК У. А. Джолдасбекова впервые в истории нашего университета на базе биологического факультета была организована кафедра биофизики. В том же году Инюшин был утвержден в должности заведующего кафедрой биофизики и на этой должности он проработал более 20 лет. Создание кафедры биофизики позволило ему уделять большое внимание развитию и координации биофизических исследований в Казахстане, а также подготовке кадров по биофизике. В 1975 году Виктор Михайлович был утвержден в ученом звании профессора биофизики. Этот период знаменуется ростом его яркого организаторского, педагогического и научного таланта. Виктор Михайлович впервые начал ряд исследований по установлению механизмов действия излучения оптических квантовых генераторов (лазеров) на биофизические, физиологические, биохимические и морфологические показатели животных, растений, микроорганизмов и человека при различных функциональных состояниях организма. Впервые были доказаны специфические и неспецифические особенности действия биофизические объекты, явления лазерных излучений.

Виктор Михайлович внес огромный вклад в развитие теории и практики фотобиологии и биофизики в Казахстане. Его имя хорошо и широко известно среди специалистов в республике и за его пределами, а его труды часто цитируются в научных публикациях.

Виктор Михайлович с большим рвением взялся за работу по формированию научного потенциала кафедры, организуя одним из первых в университете хозяйственные исследования по применению оптических квантовых генераторов в сельском хозяйстве, в производстве и в медицине как у нас в республике, так и в России и Белоруссии. При его непосредственном участии и практической поддержке на этих материалах выросли специалисты, защитили диссертации аспиранты, ставшие затем ее сотрудниками. Также он является первым исследователем в области биофизической экологии, куда входят: биофизический мониторинг водной среды, электромагнитные поля и живая природа, биофизические аспекты акупунктуры, биофизические особенности аномальных зон, разработка биофизической аппаратуры для экспресс-индикации аномалии на территории Казахстана и для медицины. Развивая вышеуказанные научные направления Виктор Михайлович организовал проблемную лабораторию «Биоэнергетическая структура биосистем», а в 1977 году впервые создает при университете учебно-научно-производственное объединение (УНПО) «Биофизика», где в единую структуру были объединены учебные, научные и производственные процессы.

С момента создания кафедры сотрудники кафедры под руководством В. М. Инюшина организовали и провели более 20 научных конференций и семинаров, посвященных различным аспектам прикладной биофизики. По материалам научно-исследовательских работ Виктором Михайловичем опубликовано 35 монографий, учебных пособий и учебно-методических рекомендаций, а также получено более 100 авторских свидетельств и патентов (РК, РФ и Польша), из которых 30 запатентованы за рубежом (Германия, Канада, Япония, США, Австралия и другие). Под научным руководством В. М. Инюшина защищены 5 докторских и 16 кандидатских диссертаций.

Научная деятельность Виктора Михайловича многогранна, его новые поиски всегда базируются на достижениях смежных и прикладных дисциплин. Он является автором гипотезы биоплазмы. Теоретическое обоснование взаимодействия биоплазмы-геоплазмы является базой для создания и развития принципиально новых



методов мониторинга экологической среды и методов регистрации предвестников землетрясений. На этой базе он разработал новую технологию получения воды с заданными свойствами. В своей монографии «Пространственно-временная структура биоплазменного тела человека» (2007) он рассмотрел объективные основы механизмов реализации в живом организме голограммно-информационных процессов с включением органически целостной матрицы-биоплазмы.

Всего Виктором Михайловичем опубликовано более 400 научных и публицистических работ, многие из которых известны и в дальнем зарубежье. Он многократно выступал и продолжает выступать на различных международных, региональных и республиканских научных форумах и на телевидении, привлекая внимание нетривиальным мнением, оригинальным и нестандартным анализом, как по общебиологическим, так и по частным вопросам биофизики. Он является членом редакционных коллегий таких зарубежных изданий, как: «Психоэнергетические системы» (Сан-Франциско, США) и «Аурикулотерапия» (Тель-Авив, Израиль).

Большие педагогические, творческие и организационные возможности Виктора Михайловича были отмечены избранием его членом и почетным членом ряда международных научных организаций: Международной ассоциации по изучению эффекта Кирлиан (Нью-Йорк, США), Международного фонда им. А. Л. Чижевского (Москва, РФ), Ученого совета Зороастрианского колледжа (Мумбай,

Индия), профессором Международного университета альтернативной медицины (Мамбей, Колумбо), Лазерной академии наук (Москва, РФ).

В Казахстане и за его пределами Виктор Михайлович известен как общественный деятель и как активный член международного антиядерного движения «Невада-Семипалатинск».

За успехи в работе В. М. Инюшин был удостоен звания «Заслуженный изобретатель Республики Казахстан», избран действительным членом (академиком) Лазерной академии наук РФ, награжден золотой медалью Международного фонда им. А. Л. Чижевского, почетным знаком «Истина, вера в добро», юбилейными медалями «70 лет КазГУ им. С.М. Кирова», «75 лет КазНУ им. аль-Фараби», «80 лет КазНУ им. аль-Фараби» и орденом «Курмет» РК.

Из изложенного в Викторе Михайловиче мы видим научного работника и руководителя, большого ученого и общественного деятеля, которого всегда отличало чувство нового, стремление быть впереди и быстро откликаться на требования времени. Почти все его исследования и опыты по испытанию и изучению особенностей механизмов действия лазерных излучений на живые организмы, организованные еще в 1963-70-е годы, были пионерными в Республике и Союзе, которые получили продолжение и развитие в других научных коллективах и, особенно, за рубежом.

Вокруг Виктора Михайловича, всегда царил дружелюбная, творческая атмосфера взаимопонимания и поддержки, за ним следовали все сотрудники и студенты кафедры и лаборатории. Это было немаловажным фактором успешной работы и способствовало неоднократным победам в соревнованиях между кафедрами на факультете.

Основными увлечениями Виктора Михайловича, помимо работы, были живопись и рисование. Он нарисовал портреты академика НАН РК В. А. Домбровского, профессоров А. Г. Гурвича, А. Л. Чижевского и Д. Кирлиан, а также прекрасные места Зайлийского Алатау.

Плодотворная научная, педагогическая и общественная деятельность Виктора Михайловича, его благожелательное отношение к людям, чуткость и отзывчивость служат наглядным примером для молодых специалистов и студентов.

В заключение мне еще раз хотелось бы сказать о Викторе Михайловиче Инюшине как о простом, высоко интеллигентном, внимательном человеке, выдающемся ученом, внесшим и продолжающим вносить много нового в прикладную биофизику. Надеюсь, это сделают и другие многие его ученики, соратники и последователи.

С. Т. ТУЛЕУХАНОВ,
заведующий кафедрой
биофизики и биомедицины,
д.б.н., профессор

Еліміздегі ең көне әрі қуатты орталық

намысын, салт-дәстүрін, діні мен тілін, ұлттық болмысын ғана емес, мемлекеттігі мен жерінің тұтастығын сақтап қалған қайсар да жауынгер, кемел де кемеңгер халық. Міне, Бүгінде Қазақстан жер көлемі жағынан әлем бойынша 9-шы, ТМД бойынша 2-ші орынды иеленеді. Бұл біздің тарихымыздың азғана бір сипаты. Алайда ХХІ ғасырда, жаһандану дәуірінде қазақ халқы тағы бір үлкен сын күтіп тұр. Ол – қазақ ұлтын ұлт ретінде сақтап қалу және Қазақстанды әлемдегі озық мемлекеттердің алдына шығару. Бұған бүгінгі күннің тарихшы мамандарының қосар үлесі зор. Өйткені, өткенді білмей, жарқын болашаққа жету өте қиын.

Бүгінгі таңда тарихқа деген құштарлық, өткен тарихын терең білу – ұлттың сүйетін әр азаматтың қорғаныш қаруы. Пайымдағанға тілі мен ділі де, діні де тарихтың қатпарында бұғып жатыр. Сондықтан да тарихын терең білу – болашаққа жүктелген ұлы міндеттің бірі деп қарауымыз керек.

Айта келе, тарих ғылымы алдында еліміздің бай шежіресі мен тарихын әлемдік деңгейде қарастыру күрделі міндеті тұр. Осы жолда еліміздің елдігін, қадір-қасиетін сақтаған, бүгінгі байлығымыз – атамекенімізді өзімізге бұйыртқан, тұлғаларымыздың Қазақ мемлекетін сақтау жолындағы еңбегін тарих айқындаған ата-бабамыздың ерліктерін еш бояусыз, алып-қоспасыз тайға таңба басқандай етіп, сұрыпталған дәйек-деректер негізінде жазатын, оны кеңірек насихаттайтын уақыт жетті. Жаһандану заманында Елбасы көтерген Мәңгілік ел идеясының түбінде ұлт бірлігі мен бабалар аманаты, көршілес шет елдермен бейбіт өмір сүру, өткеннен сабақ алар қатпарлы тарихымыз жатыр. Оны толыққанды өскелең ұрпаққа шынайы жеткізу тарихшы қауымының басты міндеті болмақ.

Университетіміздің тарих, археология және этнология факультетінің тарихшы академик, профессор ұстаздары жас талапкерлердің өз

ұлтының тарихы жөнінде талмай, тынбай ізденіп, шынайы тарихты ашу үшін тер төгуде. Тарих саласының кадрларын тұлғетіп, оларды толықтырып келеді. Тарихшы ғалымдар мектебін қалыптастыруда біздің факультеттің берері өте көп. Факультетіміз – Қазақстан тарихы және дүниежүзі тарихы, археология және этнология, мұражай ісі және ескерткіштерді қорғау, мұрағаттану, құжаттар жүргізу және құжаттаманы қамтамасыз ету, кітапхана ісі бойынша жоғары білімді мамандарды даярлайтын еліміздегі ең көне әрі қуатты орталық. Сонымен қатар шет тілдерін меңгере отырып, білім алу барысындағы кең ғылыми байланыстарды орнату арқылы болашақта қызықты және сұранысқа ие жұмыс табуға мүмкіндік бере алады.

А.К. ТОҚСАНБАЕВ,
дүниежүзі тарихы, тарихнама және
деректану кафедрасының аға оқытушысы

Философия және саясаттану факультетінде «Философияны оқыту: мәселелері және болашағы» атты ғылыми-өдістемелік конференция өтті

Ақжарқын ҚЫДЫРХАНОВА

1995 жылы 11 қарашада ШҚО, Аягөз қаласында дүниеге келген. 2013 жылы Үшбиік ауылындағы «Ақтайлақ би» атындағы орта мектепті «Алтын белгімен» бітірген. Оқушы кезінен жыр мүшәйраларына қатысып, жүлделі орындар алған. 2013 жылы «Таңғы шық» атты тұңғыш жыр жинағы жарық көрген. Қазіргі таңда Ақжарқын — ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің 3-курс студенті



АҚЫН-АРМАН

Ғұмырың бізге арналып,
Қиынды жеңіп жайраттын.

Асылым — Анам, періштем,
Дидарын нұр келіскен.
Жар болсын Аллам өзіне
Тіледім шексіз мен іштен.

Үмітті бізге артарым,
Біз болып сенің жауһарын.
Ақталып, Әке, сенімің
Бітпесін қуат, қауқарын.

Кірпияз, таза, тұнығым,
Мейірімін қандай, жылуың?
Дүниеде жоқ қой, Анашым,
Тең келер сізге сұлуың!

Анашым, Әке — шаттығым,
Сіздерсіз бақыт тапты кім?!
Сіздермен бірге қуанып,
Басылар бірге аптығым.

Тап-таза мөлдір бұлағым,
Биігім, заңғар, шынарым.
Аман жүр, Әке, Анашым,
Сіздерден жалғыз сұрарым.

Әдемім, Анам, дидарлым,
Әкеммен сізге сыйладым.
Жыр жазам әркез алғыспен,
Жаздым бүгін сыйғанын.

ШАЛАЛЫҚТЫҢ ХАҚЫНДА

Ақылгөйдің жоғары ғой әрқашан да санасы,
Бірақ бұл — тек өз ойы.
Ажырамаған ағы менен қарасы,
Өлшенбеген жетер жері, шамасы,
Қазақтарда жетіп жатыр бүгінде
«Шала қазақ» деген сорлы баласы.
«Сорлы бала» ойламайды бірақ өзін сорлы деп.
Шелді көзі бұлдырласа, оған сол да болды тек.
Жетесіне жетпей жатыр, ұғынбай жүр әлі де,
Тіл алдында бар екенін, мол екенін зор міндет.
Аяғына таптағандай болад шығар өз тілін,
Ақылгөйлік, қайтсін енді, мұрсат бермей жатыр ғой
Тексеруге тым болмаса санасының сөздігін.
Білгім келед менің дағы, «шала қазақ» дегеннің

Неше қазақ сөзі барын сөздігінде, кім білсін?
Айтқан ақыл дарымайтын, ұшатұғын далаға,
Қазақ тілін білмей жүрген, бейбақ, небір шалаға,
«Шала қазақ» деген тіркес тым артық сөз мен үшін.
Бұлай олар жамай алмас, бітей алмас кемісін.
Орыс тілін қатты сүйсін, мейлі, бірақ өз тілін
Білмесе егер ана тілін, сүймесе егер баба тілін,
Шала қазақ емес ол,
Қазақтың қатысы жоқ, білсе егер,
«Шала орыс» — нағыз аты
Мен білетін атау сол!

БОЛАШАҚ БҮГІННЕН БАСТАЛАДЫ...

Қандай ыстық, қандай тәтті бала шақ,
Бала шақтан басталады жарқын, биік болашақ.
Жауып өткен ақша бұлтты пердесіндей бір түріп,
Тұрған еді көк аспанда алтын арай күн күліп.
Ескен желдей тыным алмай кідіріп,
Ойнап жүрді ерке бала жүгіріп.
Бақшасында күрек алып тырбандап,
Атасы жүр қартаң тартқан, сырқат белі бүгіліп.

Сәби көңіл елітіп бар санасын,
Асыр салып, ат қып мініп ағашын.
Бақшадағы көріп қалып атасын,
Жетті шауып.
— Не істеп жатсың?
Әлде мендей ат қып мініп шабарсың?
Қолыңдағы тал шыбыққа, жас шыбыққа қызығып,
Немеренің сұрақтары кетті сонда тізіліп.

Топыраққа салып бойын ағаштын,
Үндемей тұр,
Әуреге сап баласын.
Іс бітіріп, шелегінен су құйып:
— Өтеп жатырмын қарызымды, — деді атасы жымып.
— Қандай қарыз? — деді бала аң-таң қалып аңырап,
— Мынау дала, мынау жатқан атырап
Жатыр бізді еш есепсіз, еш қисапсыз асырап.
Қарызымның бір бөлігін өтермін,
Осы талда жайқалса егер жапырақ.

«Ә», — деді түсінгендей бас изеп,
— Ары қарай не істейсің?
Қалай өсед бұл ағаш?
Анау тұрған бәйтеректей болад деуін тым оғаш.

— Бәрі мүмкін, қарамасаң шіріп өспей қуарар,
Жайқалады күнде баптап, жүрсе күнде суарар.
Айтқанынша болғаны жоқ,
Жүгіріп кеп бір шелек
Суды құйды тал шыбыққа, бұдан артық не керек?

Сақ-сақ күліп атасы да, маз-мейрам боп,
ырза боп:
Дәл бүгіннен басталды келешегі шыбықтың,
Сенің дағы болашағың зор екенін шын ұқтым.
Асқар таулар көрінеді әрқашан да алыстан,
Қолғанатым, боларсың-ау сен де бір күн данышпан!

Өсіп келем мен де дәл бір күтімі мол шыбықтай,
Жалғастырам даналардың салған ізін сүйтпей!
Ата-анамның тәрбиесін, ұстаздардың білімін
Тал бойыма нәрін жиып, құмарлана сіңірдім.
Сіңіріп-ап ұғып білдім —
Болашағым бүгінгім!

ТИІСТІ ЕМЕС ҰЛЫ АБАЙДЫ ҰМЫТУҒА

Даналықты
Әрбір халық өзінше дара ұқты.
Төбесіне көгерген қазақ жұрты
Дүниеге әкелген сан алыпты.

Ақыл деген
Қабілет қой алысты жақын көрген,
Шатастырмай алайда даналықпен
Екі бөлек қарауды мақұл көрем.

Даналардың
Жүгі ауыр жүгіндей қара нардың.
Тот баспасы тәрзіді асылдарды,
Қулық деген шаң баспас саналарын.

Қазағымның
Данасы көп озығы заманының.
Дана бірақ қазақта дара болар
Абай ақын — мұқалмас таза дарын.

Өлең сөзді
Патшасы еткен сендіріп көрер көзді.
Сезе білген және де жаза білген
Болатұғын «адамда кейбір кезді».

Сөзі қара
Жеткізбеген іштегі назын ғана
Қырық бесін қырдағы баға жетпес
Балайды оны ел-жұрты қазынаға.

Алыстардан,
Ой тербеген көз жетпес ғарыштардан.
Көзін ашып, көкірегін оятам деп
Кімдерменен шайқасып, алыспаған.

Ұлы тұлға,
Ұшқын берген жүрекке жылытуға
Ұмытпаған адамдық борыштарын
Тиісті емес сені ешкім ұмытуға!
Тиісті емес ұлы Абайды ұмытуға!

АТБА - ӨМІР ШУАҒЫ

Көктем мерекесі келіп, жер анамыз әдемі бір күйге енгенде, барлық жер құлтыра бастағанда аналар мерекесі де келіп жетеді. Осы мерекеді ғана аналарымызға жақсы тілектер айтып қоймай, ананың әрбір күнін мереке ету — біздің басты парызымыз. Ана жайлы сезімді айтып тауысу мүмкін емес. Әркімнің өз анасына деген махаббаты шексіз. Мен де анамның маған сыйлаған мәнді өмірі үшін алғысымды айта отырып, өз ойымды аз да болса жеткізім келеді.

«Ананды меккеге үш арқалап барсаң да, қарызын өтей алмайсың» деген дана қазақ халқы. Шынында да, анана қолынан келгеннің бәрін істесен де, оның түн ұйқысын төрт бөлген бір күніндей ғана екен. Қаншама байлық иесі болсаң да, әлемге әйгілі адам болсаң да, ананды қадірлеу парыз. Анаңның бір ауыз жылы сөзіне ештеңе жетпейді. Дүниенің нұры, өмірдің гүлі — ана. Кез келген адамның әдептілігі мен сұлулығы, ең алдымен, ана жүрегінің жылуынан басталып, ең жақсы қасиеттер балаға алдымен анадан тарайды екен.

Биология және биотехнология факультеті «Биотехнология» мамандығының студенттері жыл сайын 8 наурыз мерекесіне қарсы ұстаздарына арнап жыл сайын мерекелік шаралар ұйымдастырып, қарттар үйіне барады. Мұның өзі бізге зор қуаныш сыйлайды. Бұл аналарға, үлкендерге деген үлкен құрметтің бір белгісіндей. Осы орайда мереке қарсаңында ҚазҰУ аруларын, ұстаз-аналарды, құрбыларымыз 8 наурыз — Халықаралық Әйелдер күні мерекесімен құттықтағым келеді. Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, шат-шадыман көңіл күй тілеймін!

Ж.Ж. ЧУНЕТОВА

Ананы сыйлау — парызың

Бұл сезім балаға нәресте кезінен сіңіріледі. Ол ананың — балаға, баланың — анаға деген ықылас, құрметі. Бұл, расында, ғажайып сезім! Ана балаға өмір берсе, бала анаға түгелімен бақыт, қуаныш сыйлаған! Сондықтан да олардың бір-біріне деген сый-құрметінде шек жоқ.

Ел қамын ойлап, дархан даланы дүбірлетіп өткен, тарих көшін батырлығымен, мәрттігімен әрлендірген Абылайлар мен Исатайлар, Махамбеттер мен Амангелділер де анадан туды ғой. Өткір тілді, ұтқыр сөзді, найзадай жарқылдаған билер менен шешендер де ана көрегіндігін қәуісар бұлағынан сусындамады ма? Домалақ ана, Мұрын ана, Қаз дауысты Қазыбектің анасы Қарқабат ана сияқты жұртты аузына қаратқан әулие-аналар да дөңгелек дүниенің баға жетпес қазынасын жасаған жоқ па?!

Дүниені қан қақсатқан ақсақ Темір де ашынған ананың алдында, оның қаһарынан қорқып, дарға асайын деп жатқан баласын босатқан екен. Өзін ақылды санаған Шыңғысханның да ақыл сұрап кеңесетіні парасатымен ел басқарған әйелдер, ру билеген көсем аналар, батыр әйелдер, он саусағынан өнер тамған күйші әйелдер болған.

Әйел — аналардың кемел ақылына тәнті болған бабаларымыз тұрғызыған тоғыз кесененің жетеуі Қазақстанда, олар: Сыр бойындағы Бикен Мұнара мен Сырлы там, Тараздағы Айша бибі мен Баба

әже, Сарысу өңіріндеі Белең ана мен Болған ана, Шымкенттегі Домалақ ене мен Қарлығаш ана т.б.

Кенесары — Наурызбай атты батырлардың әпкесі Бопай да ұлтының азаттығы үшін жасалған қан құйлы көтеріліске белсене қатысушылардың бірі болған. Тарихшы-ғалым Ермұхан Бекмаханов: «Бопай Кенесарының барлық ірі шайқастарына қатысты және өзі де жау тобына партизандық жорықтар жасап отырды. Бопайсыз Кенесарының кеңестері өтпейтін және ол Бопайдың ақыл-кеңестеріне құлақ асты», - деп жазған. Ғұлама жазушы М.Әуезовтің алғаш қалам алғанда аузына ілінгені Ана аты болғаны да сондықтан. Оның «Адамдық негізі — әйел» деген туындысынан кейін жазушы Ғ.Мүсірепов қазақ әдебиетіне ананың киелі қасиеттерін ашатын бірнеше көркем туындыларды әкелді. Ана бейнесін жан-жақты сомдап, келер ұрпаққа үлкен өнеге қалдырды.


Ананың нәзік сұлулығына қоса қайрат, батырлығының да бір еркектен кем болмаған. Адам баласының бәрі де анадан туады. Ғалым да, ақын да, жазушы мен дәрігер де, құрылысшы мен шопан да ананың балалары. Ана-жарық дүниеге өмір сыйлаушы жан. Сондықтан да ол — қасиетті, қастерлі.

Ержан АҚҚАЗИН,
химиялық-физика және материалтану кафедрасының аға оқытушысы

На кафедре ТЮРКСОЙ прошла встреча с руководителем Фонда культуры тюркских народов и газеты «Тюркский мир» Ахметом Дагдуран и руководителем Ассоциации бизнесменов тюркских стран Аскармом Тулеповым

Под таким названием в преддверии Международного женского дня – 8 марта в библиотеке Аль-Фараби КазНУ состоится персональная выставка Марьяны Аргинбаевой – замечательной художницы, доцента кафедры редакторского, издательского и дизайнерского искусства факультета журналистики.

«Пробуждение весны»



В мастерской-аудитории мы, студенты-дизайнеры, видим перед собой человека с открытой, душой, яркой внешностью, искренним взглядом, умеющим ценить в каждом из нас наши, пусть

пока небольшие, но все же творческие достижения. Она, открывающая нам тайны творчества, жизнь и запахи красок, тонкость чувств и переживаний, красоту окружающего мира – иногда предстает в совершенно неожиданном ракурсе. Например, мы узнаем из ее рассказов о жизни и тонких гранях тех или иных художников, о различных событиях, о секретах творчества. Так, одно из ее произведений, «Дамский натюрморт», ярко раскрывает тот мир естественной, чисто женской, и вместе с тем, жизненной красоты, который окружает Марьяну.

Несмотря на то, что М. Аргинбаева провела свое студенчество в России, она никогда не забывала и не переставала любить родной Казахстан, искусство, красоту, науку и преподавание. Многие ее работы о нашей замечательной стране, наших людях, о прекрасном Городе Яблок – Алматы, о родном университете, где она работает сегодня.

Марьяна Аргинбаева – художник, дизайнер и график высокого класса. На одной из ее картин как «Sun lady» изображена девушка в белом платье с пышной юбкой. Такой цвет платья выбран не случайно, ведь белый цвет – цвет чистоты. Сама же девушка, напротив, – со смуглой кожей, что показывает ее молодость и энергичность. Волосы, заплетенные в толстую косу и серьги, олицетворяют женственность девушки. О, женщины, милые, нежные! Каждый из нас хочет прожить долгую счастливую жизнь, наполненную такими же яркими красками жизни. Каждая картина Марьяны Аргинбаевой показывает ее любовь к жизни, призывает нас любить жизнь и ценить красоту нашего мира.

Студенты-дизайнеры I курса факультета журналистики кафедры редакторского, издательского и дизайнерского искусства

Классикалық музыкамен жан тербетті...



Досжан Балабекулы (фото)

Философия және саясаттану факультетінде «Гармония» эстетикалық тәрбие беру орталығының ұйымдастыруымен сазды әуенге толы вокалды музыка кеші өтті.

Музыка – құдіретті сикыр. Ол өзінің әдемі, әсем ноталарымен құлақтан кіріп, бойды алады, жанға рух беріп, көңілге нұр шапағатын сыйлайды. Әсіресе, барлық жағынан үйлесімді, құрылымды, құрышты әуен болса, тіпті керемет. Ондайда жұқарған жүйке де тынышталып, сазды әуенге тебіреніп, тербеліп тұрады. Вокалды музыкалық кеште өнер көрсеткен жастың қайсыбір әуенін алып қарасаңыз да, ерекше эстетика мен тәлімге, тағылымға толы.

Іс-шараға Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының магистранттары, республикалық және халықаралық байқаулардың лауреаттары – М.Айманова, А.Аубакирова, Б.Бейсембаева, А.Иманжаппаров,

А.Серикболова, А.Малышов, Б.Муминов және П.Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжінің студенттері – Е.Қуанбек, А.Дәулетбек әлемге әйгілі классикалық шығармалар мен халық өлдерін тебіреніспен орындап шықты.

Кешке педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының меңгерушісі п.ғ.д., профессор А.А.Булатбаева және кафедра доценттері Р.С.Қасымова, У.Б.Төлешова, Г.А.Мамырбекова және студенттер белсенді қатысты.

А.Б. МУКАШЕВА,
педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының профессоры м.а.

Видеохостинг КазНУ на youtube

СТУДЕНТЫ ФАКУЛЬТЕТА ЖУРНАЛИСТИКИ КАЗНУ ВЫХОДЯТ В «ГЛОБАЛЬНЫЙ» ЭФИР С БОЛЬШИМ ЖЕЛАНИЕМ, ОСОБЕННО ПЕРВОКУРСНИКИ.

При помощи второкурсников и руководства телерадиокомплекса «Аль-Фараби» еженедельно в социальных сетях по адресу: www.youtube.com/alfarabi.TV можно просматривать текущие новости университета на нескольких языках. Работники студии профессионально оформляют музыкальное сопровождение, изобретают интересные заставки.

Здесь можно ознакомиться с анонсами мероприятий, от радно, что студенты включились в популяризацию жемчужин национальной культуры («Айттыс аланы»), традиционного КВН, здорового образа жизни.

История страны и личностей прослеживается в ходе трансляций новых книг из серии «Өнегелі өмір».

Телевизионные технологии, основы классического репортажа, изготовление клипов – при желании всему этому можно научиться, благо гаджеты всегда под рукой. На лабораторных занятиях студенты под руководством преподавателей с жаром обсуждают новые проекты, сюжеты, разрабатывают планы отражения социального аспекта жизнедеятельности кампуса.

Что дает активизация студенческого ТВ для всего университетского сообщества? Повышение узнаваемости бренда КазНУ; эмоционально окрашенное продвижение контента телеканала; обратную связь с активной частью интеллектуальной аудитории; анонсирование эфирных и неэфирных событий телеканала и вуза.

Погружайтесь в увлекательный творческий процесс на хостинге: www.youtube.com/alfarabi.TV.

ГЮЛЬНАР МУКАНОВА,
доцент кафедры печати и электронных СМИ

Хабарлануыру

ҚҰРМЕТТІ НӘЗІК ЖАНДЫ АРУЛАР!

СІЗДЕРДІ ШҰҒЫЛАЛЫ КӨКТЕМНІҢ АЛҒАШҚЫ

МЕРЕКЕСІ – 8 НАУРЫЗ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ

МЕЙРАМЫМЕН ШЫН ЖҮРЕКТЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

БАРЛЫҚТАРЫҢЫЗҒА ШЫНАЙЫ КӨҢІЛДЕН

ЗОР ДЕНСАУЛЫҚ, БАЯНДЫ БАҚЫТ,

ОТБАСЫЛАРЫҢЫЗҒА БЕРЕКЕ-БІРЛІК,

ЕҢБЕКТЕРІҢІЗГЕ ТАБЫС ТІЛЕЙМІЗ!

Университет ер азаматтарының ұйымдастыруымен

4 наурыз күні сағ: 17.00-де Ө. А. Жолдасбеков атындағы

Студенттер сарайында өтетін

«Барлығы сіздер үшін арулар»

атты мерекелік концертімізге шақырамыз.

Ұйымдастырушы: Тәрбие жұмысы жөніндегі департамент

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор м.а.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**
Тілшілер: **Қаламқас АМАНҚОСОВА, Елдана ТОҚБАЙ**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКУЛЫ**
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай: **kazuniver-gazeti@mail.ru**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Бағасы келісім бойынша. Таралымы 1000 дана

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасауды міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.